

02120200 – Киім дизайны

Мамандықтың сипаттамасы:

02120200 – Киім дизайны мамандығы жеңіл өнеркәсіп саласында сәнді, функционалды және эстетикалық талаптарға сай киім үлгілерін әзірлей алатын кәсіби мамандарды даярлауға бағытталған. Бұл мамандық бойынша білім алушылар киім дизайнының теориялық негіздерін, сән тарихын, модельдеу және құрастыру әдістерін, заманауи материалдар мен технологияларды меңгереді.

Мамандықтың негізгі мақсаты – сән үрдістерін талдай алатын, шығармашылық ойлауы дамыған, ұлттық және әлемдік сән элементтерін үйлестіре отырып, бәсекеге қабілетті киім үлгілерін жасай алатын мамандар даярлау.

Оқу бағдарламасы сурет және композиция, сән және костюм тарихы, киім дизайны, киімді модельдеу және құрастыру, мататану, тігін технологиясы, компьютерлік графика және дизайндағы ақпараттық технологиялар пәндерін қамтиды. Теориялық білім оқу және өндірістік практикалармен ұштасады.

Түлектің кәсіби қызмет саласы:

- тігін және сән кәсіпорындары;
- дизайн студиялары мен сән үйлері;
- шағын және орта бизнес субъектілері.

Кәсіби қызмет объектілері:

- киім бұйымдары мен коллекциялары;
- сәндік-композициялық шешімдер;
- материалдар мен тігін технологиялары.

Осы мамандық бойынша колледж түлектері киім дизайнері, модельер, конструктор, тігін өндірісінің маманы ретінде кәсіби қызмет атқара алады.

4S02120203 – Киім дизайнері

Біліктілікке сипаттама:

4S02120203 – Киім дизайнері біліктілігі сән және тігін өндірісінде шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, кәсіби құзыретті мамандарды даярлауға бағытталған. Бұл біліктілік иесі киімнің эстетикалық, функционалды және техникалық талаптарына сай жаңа үлгілерді жобалай алады, сән үрдістерін талдай алады, сондай-ақ өндірістік технологияларды қолдана отырып, киім үлгілерін жүзеге асыра алады.

Біліктілік иесі заманауи материалдар мен текстильді пайдаланып, композициялық, түс және пішіндік шешімдер жасайды, дизайн идеяларын суреттеу және техникалық сызбалармен көрсету қабілетіне ие болады. Сонымен қатар, өндірістік практикалар арқылы кәсіби дағдыларын жетілдіреді.